




Автор: Бектай Ләззат Баймаханқызы
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 3-сынып
Бөлім: Өнер
Тақырып: Тұрлаусыз мүшелер

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.1.3.1-түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, тілдік нормаларды сақтап сөйлеу; 3.4.2.7-сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелерін ажырату.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар:сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін ажыратады; Көптеген оқушылар: диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен мәтіндегі негізгі ойды анықтай алады; Кейбір оқушылар: берілген тақырып бойынша өз көзқарасын білдіріп, ой қорыту жасай алады.
Тілдік мақсаттар:	
Күтілетін нәтиже:	Оқушының жаңа тақырыпты меңгеруі
Бағалау критерийлері:	Өз сөзін жүйелі жоспарлап сөйлейді. Сөйлемнің тұрлаусыз, тұрлаусыз мүшелерін анықтайды.
Құндылықтарды дарыту:	Сәулет өнері-әдемі, ыңғайлы өмір сүруге арналған өнер.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақта
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану, математика, әдебиеттік оқу, қазақ тілі пәндерімен байланыс жүзеге асады.
Бастапқы білім:	Тұрлаулы мүшелер

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10мин)	Ұйымдастыру кезеңі. Сандарды ретімен айту арқылы топтарға бірігеді. (Ұ) Психологиялық ахуал. Оқушылар хормен өлең айтады. Күндей жадырап, Айдай арайлап, Жұлдыздай жарқырап, Қазақ тілін оқуды бастаймыз! (Ұ) Балалар кезектесіп қолдарын ұстап бір-біріне қарап тұрады. Мұғалім бірінші оқушыға сұрақ қояды. Оқушы ережені айтып, мысал келтіріп ережені нақтылайды және келесі оқушыға өтілген тақырыптар бойынша сұрақ қойып, сыдырмадан өтіп кетеді. Сұраққа жауап бере алмаған оқушы ойыннан шығады. Дескриптор 1. Ережені айтады 1 2. Мысал келтіреді 1 Жалпы 2 Қалыптастырушы бағалау. Сұраққа дұрыс жауап беріп, мысал келтіре алған оқушы екі көк түсті төртбұрышты қағазға жапсырып отырады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (27мин)	<p>II Операциялық-орындаушылық кезең(30 минут)</p> <p>3.1.3.1-өз көзқарасын білдіруге тілдік нормаларды дұрыс қолдану. Мәтінді тыңдау. 21-жаттығу. Мәтінді тыңдайды. 1-топ:-Мәтін кейіпкері саған ұнады ма? 2-топ:-Оның қандай қасиеті ұнады? 3-топ:- Хакімжан ағаны «мүсін өнерінің хас шебері» деп неліктен атайды? 4-топ:-Үкімет басшысы Нұртас Оңдасынов туралы қандай пікір айтуға болады? Сұрақтарын топта талқылап, жауап береді. Өз ойларыменбөліседі. Әр топ мүшесі бір сөйлемнен айтуы тиіс. Дескриптор: 1 Өз сөзін жүйелі түрде жоспарлайды 1 2 Тілдік нормаларды сақтап сөйлейді 1 Жалпы 2 Қалыптастырушы бағалау. Әрбір дұрыс жауап үшін екі көк түсті төртбұрышты қағазға жапсырады. -Иссапар, көркемсурет сөздерін кім қалай түсінеді? Түсіндірме сөздіктен иссапар, көркемсурет сөзерінің мағынасына назар аударылады.</p> <p>3.4.2.7. Тиісті тыныс белгілерін қойып, сөйлемдерді көшіріп жазу. Жіберілген қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету. 22-жаттығу. Тиісті тыныс белгілерін қойып, сөйлемдерді көшіріп жазады. Оқушылардың бас әріппен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып, көлбеу және таза жазуы қадағаланып, бағыт беріледі. Жүппен жұмыс. Мұғалімнің көмегімен бір-бірінің қатесін тауып, түзетіп, орындалған жұмысты өзара бағалайды. Дескриптор: 1 Бірінші тыныс белгісін қояды. 1 2 Екінші тыныс белгісін қояды. 1 3 Үшінші тыныс белгісін қояды. 1 Жалпы 3 (Ұ) Қарамен берілгенсөздерге сұрақ қояды. Қорытындылап ереже шығарады. Сөйлемдегі бастауыш, баяндауыштан басқа сөйлем мүшелерін тұрлаусыз мүшелер деп атайды. Оларға қайда? қандай? кімге? неге? қашан? т.б. сұрақтары қойылады. Сергіту сәті. Ағылшын «Bring back to me» өлеңін айтады.</p>  <p>3.4.2.7-Сөйлем мүшелерін ажырату. 23-жаттығу. Ұжымдық тақтамен жұмыс. Әр сөйлемде қандай сөз түсіп қалғанын анықтайды. Ол сөйлемнің қандай мүшесі(бастауыш, баяндауыш) екендігін анықтап, өз жауабын түсіндіріп, дәлелдейді. Осы сөйлемдерге тұрлаусыз мүше қосып жазады. Топтық жұмыс. 1-топ. Сәулет өнері тіркесіне бес жолды өлең құрастырады. 2-топ. Сәулет өнеріне нақыл сөз ойлап табады.(5 сөз) 3-топ. Сәулет өнеріне жұмбақ құрастырады.(5 сөз) 4-топ. Сыныптағы материалдардан сәулет өнеріне қатысты әңгіме құрастырады.(5сөйлем) Дескриптор: 1 Бес жолды өлеңнің әрбір қатарына 1 балл 2 Нақыл сөздің әрбір сөзіне 1 балл 3 Жұмбақтың әр сөзіне 1 балл 4 Әр сөйлемге 1 балл Жалпы 5 балл</p>	
Сабақтың соңы (2мин)	Рефлексия	
Рефлексия (1мин)	https://imektep.kz/kz/game#true_false-1445	